КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ұ Й Ғ А Р Ы М

2025 жылғы 04 сәуір Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырлыған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Бегенбаева «Луч 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Луч-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы бойынша азаматтық ісі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған сот шешімнің күшін жою туралы арызын қарап,

А Н Ы Қ Т А Д Ы:

2025 жылы 17.03 жауапкерден оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен 2025 жылғы 13 қаңтарда шығарылған сот шешімнің күшін жою туралы арызы түскен.

Арызда жауапкер сотта оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған азаматтық іс туралы хабарланбағандығын көрсеткен.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 267-4-бабы 2,3-тармағына сәйкес, жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы арыз осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптар ескеріле отырып, осы Кодекстің 21 – тарауында белгіленген қағидалар бойынша қаралады.

Іс құжаттарында сотта қаралған талап арыз жауапкерге жеткізілгені туралы дәлелдердің болмағандығынан, сот жауапкердің арызын қанағаттандыру туралы тұжырымға келді.

Жоғарыда аталғанның негізінде, АПК-нің ст. ст. 267-4, 268, 269 - баптарын басшылыққа алып, сот

Ұ Й Ғ А Р Д Ы:

«Луч 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің арызы қанағаттандырылсын.

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 04.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен 2024 жылғы 17 қаңтарда шығарылған шешімнің күші жойылсын.

Сот отырысы 2025 жылдың 16 сәуір күні сағат 10-30 тағайындалып, тараптарға хабарлансын.

Судья А.Бегенбаева

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 04.04.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

1112-25-3-6/69